

**"Қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 349 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 18 қаңтардағы № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 қаңтарда № 31732 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10253 болып тіркелген) өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі - Қағида) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағындағы қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтарын (бұдан әрі - қалдық қоймасы) жобалау, салу, пайдалану, кеңейту, қайта жаңарту, жаңғырту, консервациялау және жою кезіндегі ұйымдастыру және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Технологиялық процестерді қалдық қоймаларды пайдаланушы-ұйымның техникалық басшысы әзірлеген және бекіткен технологиялық регламентті сақтай отырып жүргізу қажет.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қойыртпақ жүргізгіштер төселетін туннельдер желдеткішпен, авариялық жарықпен жабдықталады және қызмет көрсетуші персонал құрамына арналған ені 0,8 м өту жолдары орнатылады.

Туннельдердің аэрациялық және желдету ойықтары үнемі жұмыс күйінде болады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Қалдық қоймаларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қалдық қоймалардың дамбалары мен бөгеттерін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Гидравликалық көлікті пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

109-тармақ алып тасталсын;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Қойыртпақты қойырту кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Су жинау және су бұру құрылыстарын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

139-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"139. Коллекторларды тексеру мен жөндеуді саны кемінде үш адамнан тұратын топ орындайды. Коллектордағы немесе тереңдігі 5 м құдықтағы адамдар газталдауыштармен, шамдармен, коллекторға және құдыққа кіреберіс жолындағы адамдармен екіжақты сым байланысымен немесе радиобайланыспен жабдықталады.";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Айналымдық сумен жабдықтау жүйесін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Байланыс, дабыл және жарықтандыру жүйелеріне өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Өндірістік бақылауды және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақталуын қадағалауды қамтамасыз ету тәртібі";

189-тармақ тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"189. Қоршау дамбалары мен бөгеттердің жай-күйін заттың өзіне қарап қадағалау оларға орнатылған бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, аспаппен бақылауды қамтиды.";

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Үстемелеп қазылатын және карстелген аумақтардағы қалдық қоймаларының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі";

11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-тарау. Шөгін қоймасында өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

12-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-тарау. Аршымалы жыныстардың гидроүйінділерінің өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі";

13-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-тарау. Шаңмен күресу және радиациялық қауіпсіздік бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

14-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-тарау. Персоналды қорғау бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

15-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"15-тарау. Қалдық қоймаларын консервациялау, жою кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі";

16-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"16-тарау. Жобалық құжаттамаға өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі".

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрі*

*Ю. Ильин*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ